

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі  
Бағалы қағаздар нарығы департаменті*

*Қазақстан Республикасының  
жинақтаушы зейнетақы жүйесінің  
ағымдағы жағдайы*

*2016 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша*

Көлемі: 6 бет  
Кестелер саны: 5  
Графиктер саны: 3  
Кезеңділігі: ай сайын жаңарту

*2016 жыл*

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ**

1-кесте. БЖЗҚ салымшылары (алушылары)

2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы

3-кесте. Зейнетақы төлемдері

### **II. РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ**

4-кесте. Республика экономикасындағы зейнетақы секторының рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы

2-график. ҚР экономикасындағы зейнетақы секторының рөлі

### **III. ҚОРЛАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

5-кесте. БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

## I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

### 1-кесте. БЖЗҚ-ның салымшылары (алушылары)

Бүгінгі күнде БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіби жарналарды, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады.

Бұдан басқа, бүгінгі таңда Ұлттық Банктің атына ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия беруге өтініштер түскен жоқ.

2016 ж. қаңтар айында міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) санының 22 530 бірлікке немесе -0,2%-ға кемуі және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) санының 180 бірлікке немесе 0,05%-ға өсуі байқалады.

Нөлдік қалдықпен жеке зейнетақы шоттарының жабылуына және Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге кетуі себепті зейнетақы төлемдерінің жүзеге асырылуына байланысты 2016 жылдың басынан бастап ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 505 бірлікке немесе 1,3%-ға азайды және есептік күнге 38 540 бірлік болды.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының (алушыларының) саны	1.01.16	1.02.16	Өсімі (%-бен)
пайдасына міндетті зейнетақы жарналары енгізілген	9 474 689	9 452 159	-0,2
пайдасына ерікті зейнетақы жарналары енгізілген	39 045	38 540	-1,3
пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары енгізілген	372 889	373 069	0,05


Міндетті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы жинақтары 2016 жылдың қаңтарында 116,3 млрд.теңгеге (2,0%) ұлғайды, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын қоса, ерікті жарналар бойынша өзгерістер байқалған жоқ, ал міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы жинақтары 4,1 млрд.теңгеге (6,4%) ұлғайды.

Зейнетақы жинақтары, млрд. теңге	1.01.16	1.02.16	Өсімі (%-бен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	5 762,0	5 878,3	2,0
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	1,7	1,7	0,0
міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша	64,5	68,6	6,4

**2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары**

Зейнетақы жинақтарының көлемі	1.01.16	1.02.16	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы жинақтары, млрд. теңгемен	5 828,2	5 948,6	2,1
Зейнетақы жарналары, млрд. теңгемен	4 375,2	4 426,4	1,2
«Таза» инвестициялық кіріс, млрд. теңгемен	1 751,9	1 851,2	5,7
Зейнетақы жинақтары сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі, %-бен	30,1	31,1	1,0

**1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы (2-кестеге) (млрд.теңге)**



Осылайша, салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2016 жылдың қаңтарында 120,4 млрд. теңгеге (2,1 %) ұлғайып, 2016 жылғы 1 ақпанда 5 948,6 млрд. теңге болды. Қаңтар айындағы «таза» инвестициялық кіріс 99,3 млрд. теңгеге немесе 5,7 % -ға өсті.

**3-кесте. Зейнетақы төлемдері**

Көрсеткіштің атауы / күні	(млрд. теңге)		
	1.01.16	1.02.16	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы төлемдері	670,7	701,0	4,5
оның ішінде, зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес алушылардың зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару	121,2	122,4	1,0


Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2016 жылдың 1 айында 30,3 млрд. теңгеге немесе 4,5%-ға ұлғайып, 2016 жылғы 1 ақпанда 701,0 млрд. теңге болды.

## II. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ. РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

4-кесте. Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы

Көрсеткіштің атауы / күні	1.01.16	1.02.16
ЖІӨ млрд.теңге	41 701,2*	45 530,5†
Зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	14,0	13,1
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	10,5	9,7
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	4,2	4,1

2-график. ҚР экономикасындағы зейнетақы секторының рөлі




Жыл басынан бастап Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын көрсеткіштерге қатысты, атап айтқанда зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге арақатысының 14,0% бастап 13,1% дейін, зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге арақатысының 10,5 бастап 9,7% дейін, «таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге арақатысының 4,2 бастап 4,1% дейін кемуі байқалады.

## III. БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

2016 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2016 жылдың басынан 128,2 млрд. теңгеге немесе 2,2%-ға ұлғайып, 5 962,8 млрд. теңге болды.



2015 жылғы 1 ақпан – 2016 жылғы 1 ақпан аралығындағы кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық ұлғаюы 115,45 млрд. теңге болды.

\* ҚР Ұлттық экономика министрлігінің бағалауы (№47 хаттама)

† ҚР Ұлттық экономика министрлігінің болжам деректері (№47 хаттама)

## 5-кесте. БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	(млрд. теңге)			
	1.01.16		1.02.16	
	млрд. теңге	%-бен	млрд. теңге	%-бен
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>2 683,17</b>	<b>46,7</b>	<b>2 755,1</b>	<b>47,1</b>
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	2 328,23	40,6	2 447,8	41,9
Ұлттық Банктің ноттары	354,94	6,1	307,3	5,3
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0,0	0,0	0,0	0,0
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>232,8</b>	<b>4,1</b>	<b>246,8</b>	<b>4,2</b>
акциялар	13,6	0,3	12,7	0,2
облигациялар	219,2	3,8	234,1	4,0
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>84,9</b>	<b>1,5</b>	<b>86,0</b>	<b>1,5</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>50,7</b>	<b>0,9</b>	<b>54,6</b>	<b>0,9</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>0,0</b>	<b>0,0</b>	<b>0,0</b>	<b>0,0</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>2 325,6</b>	<b>40,5</b>	<b>2 350,1</b>	<b>40,2</b>
акциялар	113,1	2,0	104,5	1,8
облигациялар, оның ішінде:	2 199,9	38,3	2 233,0	38,2
шетел валютасында номинирленген	549,3	9,6	590,4	10,1
теңгеде номинирленген	1 650,6	28,8	1 642,6	28,1
ноттар	12,6	0,2	12,6	0,2
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	<b>363,9</b>	<b>6,3</b>	<b>355,8</b>	<b>6,1</b>
<b>Туынды қаржы құралдары</b>	<b>0,0</b>	<b>0,0</b>	<b>0,0</b>	<b>0,0</b>
<b>Жиынтығы</b>	<b>5 741,0</b>	<b>100,0</b>	<b>5 848,4</b>	<b>100,0</b>

2016 жылғы 1 ақпанда БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесіне бұрынғыша ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары және ҚР эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары ие (БЖЗҚ осыған ұқсас күнгі инвестициялық зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 47,1% және 40,2% тиісінше).

Өз кезегінде, шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялар көлемі 387,4 млрд. теңгені (яғни, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары және шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары) немесе инвестициялық зейнетақы активтері көлемінің 6,6%-ын құрайды. Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар үлесіне 6,1% немесе 355,8 млрд. теңге келеді.